

Жәнібек ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 277 " Жәнібек ауданы аумағында үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 26 маусымдағы № 111 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28-бабының 6 тармағы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа алып аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жәнібек ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 277 " Жәнібек ауданы аумағында үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу турал" (Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 қыркүйекте № 3630 болып тіркелген) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппараты басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.С. Шиниязов

"КЕЛІСІЛДІ"

Жәнібек аудандық аумақтық
сайлау комиссиясы

Аудан әкімдігінің
2026 жылғы 29 маусымдағы
№ 111 қаулысына қосымша
Аудан әкімдігінің
2014 жылғы 08 қыркүйектегі
№ 277 қаулысына қосымша

Үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындар

№	Елді мекен атауы	Орналасатын жері	Саны
1.	Ақоба ауылы	Абай көшесінің бойында	1
2.	Борсы ауылы	Ш. Мұхамбетқалиев көшесінің бойында	1
3.	Тегісшіл ауылы	Тегісшіл негізгі орта мектебі ғимаратының алды	1

4.	Жаксыбай ауылы	Ж. Қарақұлов көшесінің бойында	1
5.	Жәнібек ауылы	Орталық алаң	1
6.	Жәнібек ауылы	Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ғимаратының алды	1
7.	Жасқайрат ауылы	Т. Жароков көшесінің бойында	1
8.	Өнеге елді мекені	"Өнеге бастауыш мектебі" ғимаратының алды	1
9.	Құрсай елді мекені	Құрсай медициналық пункті ғимаратының алды	1
10.	Көлтабан елді мекені	Көлтабан медициналық пункті ғимаратының алды	1
11.	Қамысты елді мекені	Тәуелсіздік көшесінің бойында	1
12.	Талов ауылы	Гагарин көшесінің бойында	1
13.	Майтүбек елді мекені	Майтүбек медициналық пункті ғимаратының алды	1
14.	Тау ауылы	Абай көшесінің бойында	1
15.	И. Жұмаев ауылы	"И. Жұмаев атындағы бастауыш мектебі" ғимаратының алды	1
16.	Ұзынкөл ауылы	Мектеп көшесінің бойында	1
17.	Еңбекші елді мекені	Еңбекші кітапханасы ғимаратының алды	1